

Ж.Досмұхамедов атындағы жоғары педагогикалық колледжі  
Қамқоршылық Кеңесі отырысы  
**ХАТТАМА**  
№1

29 тамыз 2019 жыл

Қатысқандар:

Барлығы: 9

Қатысқаны: 9

Қатыспағаны: 0

**КҮН ТӘРТІБІНДЕ:**

1. Колледж Педагогикалық Кеңесінің 22.08.2019 жылғы №6 хаттамасына сәйкес 2019-2020 оқу жылының басталуы туралы қаулысын қарау.
2. 2019-2020 оқу жылында жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, әлеуметтік аз қамтылған, мүгедек, көпбалалы студенттердің оқу ақысына көрсетілетін жеңілдік мөлшерін белгілеу.
3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 20 қаңтардағы №19 қаулысы негізінде «Білім алушыларды білім беру ұйымдарының түрлері бойынша ауыстыру және қайта қабылдау қағидаларын бекіту туралы» қаулысы негізінде 2018 - 2019 оқу жылының 2 аралық аттестаттау қорытындысы бойынша үлгілі тәртіптері және үздік оқулары мен әлеуметтік жағдайларына байланысты бюджет бөлімінен босаған 5 орынға ақылы топтың студенттері ұсыну.

**Тыңдалды Қамқоршылық Кеңес төрағасы Р.С Тимралиев**

Колледж әкімшілігі Назарбаев зияткерлік мектебі басшылығының ұсынысымен 2019 жылдың 2-7 қыркүйек күндері аралығында колледждің барлық оқытушыларын қамту негізінде НЗМ Педагогикалық шеберлік орталығы тренерлері жанартылған білім беру мазмұны бағдарламасы және кредитті-модульдік бағалау бойынша оқыту курстарын өткізуге байланысты жана оқу жылын 2019 жылдың 9 қыркүйегінен бастау жөнінде Колледж Педагогикалық Кеңесінің 22.08.2019 жылғы №6 хаттамасын ұсынып отыр. Бұл мәселе бойынша колледж әкімшілігі БҚО білім басқармасына 14.08.2019 күні №01-473 санды хатын жолдаған. Өз кезегінде БҚО білім басқармасы 20.08.2019 №4-12/4198 санды жауап хатын жолдап, жана оқу жылын 2-4 курстар үшін 2019 жылдың 9 қыркүйегінен бастауға қарсы еместігін білдіріп, колледж ұжымы мен Қамқоршылық Кеңеспен келісуге ұсыныс берді.

**Сөз алды колледж директоры С.М Бахшиева**

Облыс әкімдігінің бастамасымен 2019 жылдың 1 қыркүйегінен бастап біздер «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-мен бірге «Бастауыш білім беру» мамандығы бойынша білім мазмұнын модернизациялау» экспериментіне қатысамыз. Осы ретте, НЗМ басшылығының ұсынысымен 2019 жылдың 2-7 қыркүйегі күндері аралығында колледждің барлық оқытушыларына НЗМ Педагогикалық шеберлік орталығы тренерлері жанартылған білім беру мазмұны бағдарламасы және кредитті-модульдік бағалау бойынша оқыту курстарын өткізеді. Сонымен қатар 1-ші курстың 5 тобына «**МОЙ СТАРТ В ПРОФЕССИЮ**» бес күндік семинары өтеді. Сондықтан биылғы оқу жылын 2-4 курстар үшін 2019 жылдың 9 қыркүйегінен басталуы керек. Бұл жағдай бойынша облыстық білім басқармасының 2019 жылғы 20 тамыздағы №4-12/4198 шығыс хатында «педагогикалық кеңес пен қамқоршылық кеңестің келісімдері арқылы қарсылық білдермейді» делінген.

Қалыптасқан жағдайды сіздерге баяндай отырып, биылығы оқу жылын 2-4 курстар үшін 2019 жылдың 9 қыркүйегінен бастауды сұрды.

**Сөз алды Қамқоршылық Кеңес мүшесі Р.Т.Иманғалиева**

Жаңа оқу жылының 2-4 курстар үшін 2019 жылдың 9 қыркүйегінен бастауға қарсы еместігін және топ жетекшілері мен колледж әкімшілігі жаңа оқу жылының 9 қыркүйек күні басталатындығы жөнінде студенттерге алдын ала ескертіп, бақылауға алуын ұсынды.

**Сөз алды колледждің оқу-ісі бөлімінің меңгерушісі С.М.Кенжеғалиева**

Аталған курстан оқытушылардың барлығының өтуіне орай оқу жылын 2019 жылдың 9 қыркүйегінен бастаған дұрыс. Ал қалған семинарға қатыспайтын 1-ші курстың студенттері үшін сабақтарды кестеге сәйкес өткізуді және 2-7 қыркүйек күндері аралығындағы өткізілмеген сабақтар 9-30 қыркүйек аралығындағы сенбі күндері өткізуді ұсынды.

**Сөз алды Қамқоршылық Кеңес мүшесі Н.И.Днекешова**

Жаңа оқу жылының 2-4 курстар үшін 2019 жылдың 9 қыркүйегінен бастауға қарсы еместігін және колледж жатақханасына орналастыру жұмыстарын да кейінге қалдыруға ұсыныс білдірді. Колледж жатақханасына құжат қабылдау жұмыстарын 1-курстар үшін 29 тамыз және 2-4 курстар үшін 2 қыркүйектен бастап жұмыстануды ұсынды.

**Сөз алды Қамқоршылық Кеңес мүшесі Р.Д.Шайдоллина**

Жаңа оқу жылының кейінге қалдырғандығы жөнінде колледж студенттері арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізетіндігі жөнінде атап өтті.

**Қаулы:**

1. 2019-2020 жылы жаңа оқу жылы 2019 жылдың 9 қыркүйегінен басталсын. Колледж әкімшілігі мен топ жетекшілері және студенттік өзін-өзі басқару ұйымы жаңа оқу жылының кейінге қалдырылғандығы жөнінде түсіндіру жұмыстарын жүргізсін;
2. 2-7 қыркүйек күндері аралығындағы өткізілмеген сабақтар 9-30 қыркүйек аралығындағы сенбі күндері өткізілсін;
3. Колледж жатақханасына орналастыру құжат қабылдау жұмыстары 1-ші курстар үшін 29.08.2019 және 2-4 курстар үшін 02.09.2019 басталсын.

**2-ші мәселе бойынша директордың ӘІЖ орынбасары Қ.Х.Мажитов**

2019-2020 оқу жылында жетім, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, әлеуметтік аз қамтылған, мүгедек, көпбалалы отбасылардан шыққан, бір әкесі немесе бір анасы тәрбиелеп отырған отбасылардан шыққан студенттердің оқу ақысына көрсетілетін жеңілдік мөлшерін әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын ескере 5 және 25% аралығында бекітулеріңізді сұраймын.

**Сөз алды:**

**Қамқоршылық Кеңес төрағасы Р.С.Тимралиев**

Қазіргі уақытта колледж әкімшілігінің халықтың осал топтарына мұнай көмек көрсетуі өте дұрыс шешім деп есептеймін. Мен аталған санаттар бойынша 5 және 25% аралығында қарастырылуына

**3-ші мәселе бойынша директордың ӘІЖ орынбасары Қ.Х.Мажитов**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 20 қаңтардағы №19 қаулысы негізінде «Білім алушыларды білім беру ұйымдарының түрлері бойынша ауыстыру және қайта қабылдау қағидаларын бекіту туралы» қаулысы негізінде 2018 - 2019 оқу жылының 2 аралық аттестаттау қорытындысы бойынша үлгілі тәртіптері және үздік оқулары мен әлеуметтік жағдайларына байланысты бюджет бөлімінен босаған 5 орынға ақылы топтың студенттері ұсынылуы сұралады:

0111000 «Негізгі орта білім» 0101000 «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығы бойынша ақылы топтан бюджет тобына өтініш білдірген:

2сҚДО-9 тобының студенті Темурова Тоғжан Нурлановна 12 мамыр 2003 жылы БҚО, Жәнібек ауданында дүниеге келген. Отбасында бір апасы бар. Апасы Темурова Ақжан да осы колледжде оқиды. Ата-анасы ажырасқан, анасымен бірге тұрады, әкесі алимент

төлейді. Анасы Атырау қаласында вахталық әдіспен жұмыс жасайды. Темурова Тогжан анасымен Орал қаласында пәтер жалдап тұрады.

Тогжан сабақ үлгерімі жағынан екпінді, I және II семестрдің қорытындысы бойынша бағасы «5» -25, сабаққа үнемі дайындалып келеді. Мінезі ашық, өз ортасында сыйлы, үнемі достарынан көмегін аямайды, алдына қойған мақсатына жету үшін бар күшін салады. Пәндерге қызығшылығы жоғары деңгейде. Әсіресе, қоғамдық-гуманитарлық пәндерге деген қызығушылығы жоғары. Ақыл-ой әрекеті белсенді, колледждің шараларына белсенді қатысады, би билегенді ұнатады.

Қосымова Мадина Кенжебайқызы 26 қараша 2002 жылы БҚО, қаратөбе ауданы, Үшана ауылында дүниеге келген. Отбасында ата-анасы ажырасқан, анасы Мадинадан бас тартқан, қазіргі таңда әкесінің қамқорлығында. Әлеуметтік жағынан аз қамтылған, әкесі – жұмыссыз. Ілім алушы колледждің студенттер үйінде тұрады.

Мадина сабақ үлгерімі жағынан екпінді, I және II семестрдің қорытындысы бойынша бағасы «5» -25, сабаққа деген белсенділігі жоғары, үнемі дайындықпен келеді.

Колледждегі және жатақханадағы тәртібі жақсы, оқытушылар тарапынан ескерту алған емес. Өзіне жүктелген жауапкершілікті сезіне біледі, адамгершілігі мол, тәрбиелі. Ақыл-ой әрекеті белсенді, топтың ұйымдастырған шараларына белсенді қатысады.

0111000 «Негізгі орта білім» 0111013 «Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі» мамандығы бойынша ақылы топтан бюджет тобына өтініш білдірген:

Болатжанқызы Наргиза Ақжайық ауданы, Алғабас ауылынан. Әкесі Утеғалиев Болатжан – III топтағы мүгедек, жұмыссыз, анасы Мырзағалиева Ғалия – жұмыссыз. Тапсырылған істі жауапкершілікпен орындайды, ұйымдастырушылыққа білеті жоғары. Топ арасында өз пікірін еркін айтып, дәлелдей біледі. Топ арасындағы шараларға белсепне араласады. I және II семестрдің қорытындысы бойынша бағасы: :«5» -«28», себепсіз сабақ қалдырмайды. Мінезі ашық, өз жұмысына ынталы, мәнерлеп оқудан қалалық, облыстық байқаулардың жүлдегері.

Абатова Меңсара 2002 жылы 04 шілдеде Орал қаласында дүниеге келген. Отбасында ата-анасы ажырасқан, анасы Кабдығалиева Ақмарал Набиоллинқызы – ауруханада кіші қызметкер, інісі Абат Мирлан – 7 сынып оқушысы. Студент қазіргі таңда анасымен және інісімен бірге туыстарының үйінде тұрады. Меңсара –өзіне жүктелген барлық тапсырмаларды уақытында орындайды, білім деңгейі – жоғары, I және II семестрдің қорытындысы бойынша бағасы: «5» -«30», сабақты себепсіз қалдырмайды. Колледждің «Ынтымақ» волонтерлар клубының белсенді мүшесі, қоғамдық шараларға әрдайым жауапкершілікпен қатысады. Мәнерлеп оқуды ұнатады, домбыра аспабында күй шертеді.

0111000 «Негізгі орта білім» 0111063 «Математика мұғалімі» мамандығы бойынша ақылы топтан бюджет тобына өтініш білдірген:

Тлекқаылова Лунара Бекболатқызы – 2001 жылы 31 қазанда жаңақала ауданы,. Брлік ауданында дүниеге келген. Көп балалы отбасынан, өзінен кейінгі 5 бауыры бар. Әкесі – Ақбалшық бастауыш мектебінде – күзетші, анасы – мектеп кітапханасында кіші қызметкер. Студент Орал қаласында әкесінің ағасының үйінде тұрады. Лунара – өз ойын жасқанбай айта алады, қимылдары ширақ, қызба, қырсық мінезі бар, дегенмен адамдармен тез араласып кетеді. Сабақ үлгерімі орташа деңгейде, себепсіз сабақ жібермейді. Тәртібі жақсы, құрбыларының арасында жақсы беделге ие.

Бауыржан Гүлдана Бауыржанқызы – 2001 жылы 24 қаңтарда Ақжайық ауданы, Жұбан ауылында дүниеге келген. Көп балалы отбасынан, әкесі – жұмыссыз, анасы – бастауыш сынып мұғалімі. Әпкесі мен ағасы – жұмыссыз, інісі - студент, сіңлісі – мектеп қабырғасында оқиды.

Гүлдана – жазғы сессия барысында бір емтиханнан «қанағаттанарлық» деңгей көрсетуіне байланысты оқу үлгерім көрсеткіші төмендеп отыр. Сабақты себепсіз қалдырмайды. Топ арасында белсенділік танытады, берілген тапсырманы жауапкершілікпен атқарады. I курста биология пәні бойынша республикалық олимпиадаға қатысып, II орынға ие болды.

Азмұханбет Думан Санатұлы - 2001 жылы 25 қазанда БҚО, Ақжайық ауданында дүниеге келген. Отбасында 7 адам: Думан – отбасының тұнғышы, өзінен кейін қарындасы және екі інісі бар, атасы – зейнеткер, ата-анасы жұмыссыз.

Думан – оқу үлгерімі бойынша екпінді, сабаққа үнемі дайындықпен келеді. Мінезі ашық, өз ортасында сыйлы. Айналасындағы адамдармен тез тіл табысады. Колледждегі қоғамдық шараларға белсене атсалысады, облыстық деңгейде робот техникасы бойынша сайысқа қатысып, қабілетінің жоғары екенін байқатты.

Абенова Наргиз Равильевна - 2001 жылы Алматы қаласында дүниеге келген. Ұлты татар. Отбасында анасының тәрбиесінде, әкесін көрмеген, анасы Абенова Айжан – Атырау қаласында вахталық әдіспен жұмыс жасайды, Студент Орал қаласында әпкелерімен бірге тұрады.

Наргиздың сабақ үлгерімі орташа, жұмыс жасайтындықтан себепсіз сабақты көп жібереді, мектептегі байқау практикасы кезінде де мектеп әкімшілігі тарапынан көп ескерту алды. Қоғамдық жұмыстарға белсенді емес.

0111000 «Негізгі орта білім» 0105000 «Бастауыш білім беру» мамандығы бойынша ақылы топтан бюджет тобына өтініш білдірген:

2пкКШО-11 тобының студенті Омарова Райгүл Бисембайқызы – БҚО, Жаңақала ауданы, Жаңақазан ауылынан. Әкесі – жүргізуші, анасы – қызметкер. 2пкКШО тобының топ басшысы, оқу екпіндісі, қоғамдық жұмыстарға белсене атсалысады, сабақты себепсіз қалдырмайды. Мінезі сабырлы, салмақты, әр нәрсеге шыдамдылық таныта алады. Өзіне айтылған ескертулерге түсінушілікпен қарайды. Әдепсіз қылықтары жоқ.

Абуова Айгерім Меңболатқызы – БҚО, Бөкей ордасы ауданы, Бисен аулынан. Толық отбасында тәрбиеленуде, үш баланың кенжесі. Айгерімнің білімі, тәртібі жақсы, сабақты себепсіз қалдырмайды. Топта тазалық секторы қызметін атқарады. Студенттік ортада беделді, өз ойын еркін жеткізе алады. Мінезі ашық, жолдастарына көмектесуге әзір тұрады.

Тайманова Айкөркем Ерболқызы – БҚО, Жәнібек ауданы, Қамысты ауылынан. Отбасында інісі екеуі анасының тәрбиесінде, анасы жоқ. Бос уақытында жұмыс жасап, жанұясына көмек беріп отырады. Айкөркем – оқу екпіндісі, тапсырылған жұмыстарды жауапкершілікпен атқарады. Студенттің мінезі сабырлы, салмақты, болашағынан үлкен үміт күттіреді.

Тимурова Акжан Нурлановна - БҚО, Жәнібек ауданы, Ақоба ауылынан. Анасы Жапалақова Аккыз аспаз болып қызмет атқарады. Акжан – колледжішілік «Ынтымақ», «Өзін-өзі басқару», «Жас Отан» ұйымдарының белсенді мүшесі, қоғамдық шараларға өте белсенді араласады, топта мәдениет секторы. Сабақты себепсіз қалдырмайды. Мінезі ашық, өзін ортада ұстай біледі. «Белсенді студент» номинациясының иегері.

Бисенғалиева Бибинур Бахтыгуловна – Бәйтерек ауданы, Трекин ауылынан. Толық отбасында тәрбиеленуде. Әкесі Бисенғалиев Бақтығұл - жұмыссыз, анасы Бисенғалиева Назира №42 мектепте кіші қызметкер.

Бибинур – оқу екпіндісі, өзіне атқарылған міндеттерді тиянақты, жауапкершілікпен орындайды. Студенттің мінезі ашық, жолдастарының арасында беделді, үлкенді құрметтеп, кішіні сыйлай алады.

Балтабай Нұрай балтабайқызы – Қызылорда облысы, қазалы ауданы, Әйтеке би кентінен. Толық отбасында тәрбиеленуде, анасы №2 Әйтеке би кентінің Қазпошта басшысы. Студенттің оқуы, тәртібі жақсы, сабақты себепсіз қалдырмайды. Тәрбиелік шараларға белсене араласады.

Жаңабаева Айым Ильяскызы – БҚО, Бөрлі ауданы, Ақсай қаласы, Қызылтал шағын ауданынан. Аға-жеңгесінің отбасында тәрбиеленуде, әкесі жоқ, анасының басқа жанұясы бар. Айымның білімі, тәртібі жақсы, сабақты себепсіз қалдырмайды. Студенттік ортада беделді, өз ойын еркін жеткізе алады. Мінезі ашық, жолдастарына көмектесуге әзір тұрады. «Белсенді студент» номинациясының иегері.

**Тыңдалды Қамқоршылық Кеңес төрағасы Р.С Тимралиев**

Әлеуметтік жағдайы төмен, толық емес отбасында тәрбиеленіп жатырған, сонымен қатар оқу үлгерімі және колледжішілік шараларға белсене қатысатын төмендегі студенттерді Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 20 қаңтардағы №19 қаулысы негізінде «Білім алушыларды білім беру ұйымдарының түрлері бойынша ауыстыру және қайта қабылдау қағидаларын бекіту туралы» қаулысы негізінде 2018 - 2019 оқу жылының 2 аралық аттестаттау қорытындысы бойынша үлгілі тәртіптері және үздік оқулары мен әлеуметтік жағдайларына байланысты бюджет бөлімінен босаған 5 орынға ақылы топтың студенттерінің ауыстырылуына қарсы еместігін және оқу мен тәрбие алуда жетістіктерге жететіндігіне сенім білдірді.

**Сөз алды Қамқоршылық Кеңес мүшесі Р.Т Иманғалиева**

Әлеуметтік жағдайы төмен, толық емес отбасынанда тәрбиеленіп жатқан ақылы топтарда білім алатын төмендегі студенттердің бюджет тобына ауысуына қарсы емес екендігін білдірді. Басқа да Қамқоршылық Кеңес мүшелері Райгүл Тасболатқызымен келісті.

**Сөз алды Қамқоршылық Кеңес мүшесі Н.И Днекешова**

Әлеуметтік жағдайы төмен, толық емес отбасынанда тәрбиеленіп жатқан ақылы топтарда білім алатын төмендегі студенттердің бюджет тобына ауысуына қарсы емес екендігін білдіріп, аталған санаттағы студенттер үшін үлкен мүмкіндік екендігін атап өтті.

**Қаулы**








Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 20 қаңтардағы №19 қаулысы негізінде «Білім алушыларды білім беру ұйымдарының түрлері бойынша ауыстыру және қайта қабылдау қағидаларын бекіту туралы» қаулысы негізінде 2018 - 2019 оқу жылының 2 аралық аттестаттау қорытындысы бойынша үлгілі тәртіптері және үздік оқулары мен әлеуметтік жағдайларына байланысты бюджет бөлімінен босаған 5 орынға ақылы топтың студенттері ауыстырылсын.

№	Аты-жөні	Біліктілігі	Әлеуметтік мәртесі
1.	Қосымова Мадина Кенжебайқызы	0101000 «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту»	Толық емес отбасынан
2.	Абатова Меңсара	0111013 «Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі»	Толық емес отбасынан
3.	Азмұханбет Думан Саматұлы	0111063 «Математика мұғалімі»	Әлеуметтік аз қамтылған отбасы
4.	Жанабаева Айым Ильяскызы	0105000 «Бастауыш білім беру»	Әлеуметтік аз қамтылған, толық емес отбасы
5.	Тимурова Акжан Нурлановна	0105000 «Бастауыш білім беру»	Толық емес отбасы (ата-анасы ажырасқан)

Қамқоршылық Кеңес төрағасы  Р.С Тимралиев

Хатшы  С.Е Исламғали

Мүшелері:

1. С.Б Шатова 
2. Р.Т Имангалтева 
3. Н.И Диекешова 
4. А.А Абилова 
5. Н.А Қадыров 
6. Ш.Т Габдрахманова 
7. Р.Д Шайдоллша 



Ж.Досмухамедов атындағы  
жоғары педагогикалық колледж  
директоры С.Бахишеваға

Білім басқармасы Сіздің ағымдағы жылдың 14 тамызындағы № 01-473 шығыс хатына сәйкес колледждің оқу процесін ұйымдастыру бойынша, педагогикалық ұжыммен және камкоршылық кенеспен келісілген жағдайда қарсылық білдірмейді.

Басқарма басшысының м.а.

Н. Габдушев

И. Әбілхайырұлы  
260471



14 08 2019

01-473

**БҚО Білім басқармасы  
басшысының м.а. С.Айткалиеваға**

Облыс әкімдігінің бастамасымен 2019 жылдың 1 қыркүйегінен педагогикалық колледж ұжымы «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-мен (бұдан әрі – НЗМ) бірге «Бастауыш білім беру» мамандығы бойынша білім мазмұнын модернизациялау» экспериментіне қатысады.

Ағымдағы жылдың 26 тамызы күні облыс әкімі Г.Н.Ескалиевтің, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Басқарма төрайымы К.Н.Шамшидинованың және халықаралық эксперттердің қатысуымен экспериментті бастау шарасы өтеді.

НЗМ басшылығының ұсынысымен 2019 жылдың 2-7 қыркүйегі күндері аралығында колледждің барлық оқытушыларын қамту негізінде НЗМ Педагогикалық шеберлік орталығы тренерлері жанартылған білім беру мазмұны бағдарламасы және кредитті-модульдік бағалау бойынша оқыту курстарын өткізеді.

Осыған байланысты колледждің барлық курс студенттеріне биылғы оқу жылын 2019 жылдың 9 қыркүйегінен бастауға рұхсат беруіңізді сұраймын. Жіберілген сабақтар алтыкүндік оқу аптасы және каникул есебінен қайта толықтырылады.

Директор  С.Бахшишева

14.08.19  
Умар





БҰЙРЫҚ

29.08.2019 г.

Орал қаласы

ПРИКАЗ

№ 141-Ө

г. Уральск

**2019-2020 оқу жылында 2-4 курс студенттерінің оқу процесін ұйымдастыру туралы**

2019-2020 оқу жылының басында Назарбаев зияткерлік мектебінің «Бастауыш білім беру» мамандығы бойынша жоба бастауына орай және Батыс Қазақстан облысы білім басқармасының келісімімен, 29.08.2019 жылғы педагогикалық кеңестің №1 хаттамасы мен қамқоршылық кеңестің №7 хаттамасының шешіміне сәйкес

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2-4 курс студенттерінің оқу процесін ұйымдастыру 2019 жылдың 09 қыркүйегінен басталсын.
2. Бұйрықтың орындалуына жауапкершілік оқу бөлімінің меңгерушісі С.М.Кенжеғалиеваға жүктелсін.
3. Лауазымды атқарушыны кадр бөлімінің меңгерушісі бұйрықпен таныстырсын.

Негіздеме: 1) Батыс Қазақстан облысы білім басқармасының келісімі  
2) 29.08.2019 жылғы педагогикалық кеңестің №1 хаттамасы мен қамқоршылық кеңестің №7 хаттамасының шешімі.

Директор

С.М.Бахишева

Келісілді:

Оқу бөлімінің меңгерушісі Кенжеғалиева С.М.	Заңгер А.А.Нуралиева	КБ меңгерушісі Н.А.Габдулова

Таныстырылды:

(аты-жөні)

(қолы)

«    » \_\_\_\_\_ 2019 жыл  
(таныстырылған күні)